

Қорытындылай келе айтарымыз 1916 ж. бүкілхалықтық көтеріліс барысында өкімет құрылымы, қарулы күштер, басқару аппараты құрылды. Ауқымдылығы мен қатысушыларды қамтуы және зардаптары жағынан алғанда, ол империя құрамындағы отаршылдық құлдықтың бүкіл кезеңіндегі азаттық күресінің шырқау шыңы болды. Шын мәнінде, 1916 жыл XX ғасырдың соңында қазақ халқының қолы жеткен саяси тәуелсіздігі мен ұлттық мемлекеттігі үшін күрестің бір белесі болып, тарихта өз орнын алды.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Мұхамедов М.Б., Сырымбетұлы Б. Қазақстан тарихы. Оқу құралы. – Алматы: «Қарасай», 2009. -344 бет.
2. Асфендияров С.Д. История Казахстана (с древнейших времен). Алматы, 1993. -292-293 бб.); М. Шоқай 1916 жылғы көтеріліс туралы большевиктердің өтірігі. // М. Шоқай Таңдамалы. –Алматы, 1998. 1 т. -218-219 бб.).
3. М. Дулатов Шығармалары. Алматы, 1991; Қаһарлы 1916 жыл (кұжаттар мен материалдар жинағы). -Алматы, 1997. Т.2. 63-64 бб.); Омарбеков Т. 1916 жыл: ұлт зиялыларының көзқарасы. <https://adygma.kz/post/5478>. 02.07.2016.
4. Қазақстан тарихы. (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3 том. – Алматы: «Атамұра», 2010. 768 б.
5. Ә. Бөкейханов Шығармалар. Алматы: Қазақстан, 1994. 384 б.
6. Брайнин С., Шафиро Ш. Алашорда тарихы жөніндегі очерктер. - А., 1935 ж.
7. Омарбеков Т. 1916 жылғы көтеріліс жан-жақты зерттеле қойған жоқ. http://www.inform.kz/kz/talas-omarbekov-1916-zhylgy-koterilis-zhan-zhakty-zerttele-koygan-zhok_a2957620. 2016 ж. 10 қазан.
8. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. «Атамұра», 1999.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ТАРИХЫНАН

Сақабай Т.Қ., аға оқытушы, п.ғ.м.

Тулегенова А.Ж., аға оқытушы, г.ғ.м.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Қарағанды қ, Қазақстан

«Демография» термині грек сөздерінен шыққан: «демос» - халық және «графо»- жазамын деген мағынаны білдіреді. Демография ұғымына берілген анықтамалар өте көп. Демографтар Д.И. Валентей мен А. Я. Кваша келесідей анықтама береді: демография- халықтың санын, оның құрамын, халықтың көбею процестерін (туу, өлім, өмір сүру ұзақтығы) және халықтың құрамы мен қозғалысының әлеуметтік-экономикалық және мәдени факторларға тәуелділігін зерттейтін популяция туралы, оның өзгеруі туралы ғылым [1, с.7]. Сондықтан мемлекет үшін қоғам дамуында демография ғылымының маңызы зор болғандықтан біздің мақсатымыз Қазақстанда демографиялық зерттеулердің даму тарихын көрсету болып табылады.

Демография ғылымының даму тарихы ерте кезеңнен бастау алады. Ерте кезеңдерде тек халық пен қоршаған ортаның қатынасы туралы алғашқы ойлар, ұғымдар қалыптасса, ал, демографияның ғылым ретінде қалыптасуы XIX ғасырға жатады. Бұл кезеңде демография мазмұны айқындалды. XXғ II жартысынан бастап демография ғылымдарының жүйесі қалыптасқан болатын. «Демография» термині алғаш рет 1855 жылы француз ғалымы Жан Клод Ашиль Гийяр «Адам статистикасының көріністері немесе салыстырмалы демография» еңбегінде пайда болып, оны ғылыми айналымға енгізіліп, 1882 жылы Женевада «Гигиена және демография» атты халықаралық конгрессінде ресми түрде танылды.

Қазақстандағы демография ғылымының қалыптасуының бастауында Ә. Бөкейханов, М. Шоқай, М. Тынышпаевтар тұрды деп айтуға толық негіз бар. Олар қазақ даласындағы демографиялық процестерді тарихи-әлеуметтік тұрғыдан қарастырған болатын.

Ә. Бөкейханов 1897 жылы басталған ауылшаруашылығы санағына қатысып, Ф. Щербина бастаған экспедиция құрамында жұмыс істеген. Сонымен қатар КСРО ҒА антропологиялық экспедициясына қатысып, Маңғыстау, Үстірт өңіріне зерттеулер жүргізіп, сол жердегі ру-тайпалардың санын анықтауға күш салған. М. Тынышпаев өзінің «Материалы к истории киргиз-кайсацкого народа» атты еңбегінде 1917 жылғы Қазақстан мен Орта Азия халықтарының санын көрсетеді және 1924 жылы "Сана" журналында статистикалық деректер жариялайды [2, 96.].

Ә. Бөкейхановтың демография ғылымының дамуына қосқан үлесіне тоқталатын болсақ, бұл тұрғыда ғалымның «Қазақтар» деп аталатын еңбегі құнды болып табылады. Себебі, революцияға дейінгі кезеңдегі қазақ өлкесіндегі демографиялық процестерді, миграциялық ағымдарды қарастыруда бұл еңбектің маңызы зор. Еңбекте облыстар бойынша халық санының абсолютті санын, қазақ, орыс және басқа ұлттар арасындағы пайыздық арақатынастарды кесте арқылы көрсетеді. еңбектің ең басты ерекшелігі қазақ пен қырғыздың ұлт ретіндегі ара жігін ажыратып, екі халықтың түркі тектес халықтар тобына жататындығын, қазақ бір халық, ал қырғыз басқа халық екендігін, екі атаудың шатасып, бұрмаланып жүргенін көрсетеді. Осы еңбегінде Ә.Бөкейханов «қырғыз» немесе «қырғыз-қайсақ» аталып жүрген Үйсін, Дулат, Қаңлы, Жалайыр, Қыпшақ, Найман, Қоңырат, Арғын, Алшын деген атаулармен белгілі екендігін, олар өздерін «қазақ» деп атайтынын, ал қайсақ сөзі «қазақ» сөзінің бұрмалануы деп көрсетеді. Ғалымның осы саладағы екінші бір құнды еңбегі «Исторические судьбы киргизского края и культурные его успехи» деп аталады. Бұл монографияда ерте кезеңдегі тарихи оқиғаларды баяндай келе, халық саны туралы былай деп баяндайды: «При сыне Джаныбека Касым-хане союз киргиз-казахов, приняв себе кочевые народы восточной половины джагатайского улуса, насчитывал более миллиона населения» [3, 49б.]. Сонымен қатар Ақмола, Семей, Торғай, Орал дала облыстарындағы халық санын: «по данным губернаторских отчетов 1890-х годов, числится 1875000 душ обоого пола, что составляет 58% всех киргиз-казахов» деп көрсетеді [3, 47б.].

Ә. Бөкейхановтың демографияға қосқан үлесі жөнінде белгілі ғалым М.Х. Асылбековтың зерттеулерінен де байқауға болады. "Қазақстан тарихи демографиясы – Отан тарихының бір саласы, әлі жас, тек тәуелсіздік жылдары ғана кең дамып, қалыптасқан бөлігі. Оның алғашқы елеулі қадымдары отарлық дәуірде – Қазақстанның Ресей империясына бодан болған жағдайда жасалған еді. Басым көпшілігі отарлық басқару жүйесінде қызмет істеген орыс ғалымдары Қазақстанның жері мен байлығын пайдалану мақсатында, әсіресе отар елдің артық жерін тауып, оны қазақтардан тартып алып, қазақ әскерлері мен орыс шаруаларын қоныстандыру үшін, жергілікті халықтың санының құрамын және территориялық орналасуын зерттеді. Ал, Әлихан Бөкейхан сияқты ұлт зиялылары бұл мәселелерге Қазақстанда артық жатқан жер жақтығын дәлелдеу үшін және Ресей империясының көші-қон саясатына қарсы күресу мақсатында көңіл бөлген-ді [4].

Ғалымның еңбегінде қазақ халқының Шыңғысхан заманынан бері кең-байтақ далада солтүстігінде Жайық өзені, батысында Әмудария, шығысында Ертіс өзені, оңтүстігінде таулы шыңдармен қоршалып жатқанын, сонымен қатар қазақтардың Астрахан губерниясында да көп қоныстанғанын жазады. Қазақ халқының таралған аумағындағы саны көрсетілген кестеге түсініктеме жазған ол «Барлық он облыстағы қырғыздарды, қара қырғыздарды, қыпшақтарды бірге қосқанда, барлық халықтың 51%-н қазақ халқы құрайды»-деп көрсеткен. Ресейді мекендейтін әр түрлі халықтардың арасында қазақтар алтыншы орында, егер табиғи өсім коэффициентін 1,5-ға тең десек, қазір кезде қазақтардың саны 4 696 600 адамға жетті деген мәлімет береді. Ә. Бөкейхановтың еңбегінде құрастырған кестесінен қазақтардың ара салмағы әсіресе Семей облысында, одан кейін Жетісу, Торғай, Орал облыстарында көп болғанын көруге болады. Осы аймақтарда тұратын халықтың 65 пайызын қазақтар құраған деп тұжырым жасайды. Қазақстанның көп ұлтты құрамының қалыптасуы

Ресейге ресми түрде қосылудан бұрын-ақ басталған отаршылдық тың және соған орай жүрген көші-қон үдерісінің нәтижесі екендігі көптеген зерттеу еңбектерінде көрсетілді [5].

Жалпы, XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басындағы халық саны, қозғалысы, құрамы және т.б. қатысты материалдар экспедиция материалдарында, Ресейдің географиялық қоғамы, түрлі статистикалық комитеттер, қоғамдар ғалымдарының, орыс шенеуніктерінің еңбектерінде баяндалды.

Кеңестік дәуірде қазақ халқының саны, құрамы, орналасуы жайында қазақ демографиясын негізін ғалым М.Тынышпаевтың «Қазақ халқының тарихы» атты еңбегі, 20 ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ халқының демографиялық оқиғаларға байланысты Т.Шонанұлының «Жер тағдыры – ел тағдыры», М.Есболұлының «Түркістанда келімсектерге арналған аудандарда жер мәселесі» атты еңбектерінде демографиялық мәселелердің негізгі шарттары жазылды. Қарастырылып отырған тақырып бойынша М.Шоқайұлы, С.А.Аспендияров, Т.Рысқұлов, С.Сәдуақасовтар [6] өздерінің ғылыми және танымдық көзқарастарын мерзімді басылымдарда жариялады.

Кеңес дәуірінде, әсіресе 1920 жж. екінші жартысынан бастап Қазақстан тарихи демографиясы мәселелері жөнінде едәуір зерттеулер жарық көрді, дегенмен 1937 жылғы Бүкілодақтық санақ Кеңес өкіметі басшыларының халық санының күрт өсуі туралы болжамын ақтамаған соң, Кеңес Одағы бойынша тұрғындардың демографиялық мәліметтеріне ресми тиым салынған жағдай басталды. Кеңестік идеялогия барлық ұлттардың теңдігі мен өзін өзі билеу (өз адына мемлекет құрып, бөлінін шығуға дейін) құқын ашық жарияланғанымен, көп республикалардағы жергілікті халықтың азайып кетуі, Сібір мен Қиыр Шығыстағы ондағы ұлттың жоғалып кетуі, 1918, 1921-1922, әсіресе 1931-1933 жж. ашаршылық себептерін, екінші дүниежүзілік соғыстағы адам шығыны көлемін және т.с. зерттеп, білуге мүмкіндік бермеді [4].

Кеңестік кезеңде Қазақстандағы демографиялық процестер жөнінде алғашқы еңбектердің қатарына А. Доничтің «Народонаселение Казахстана» айтуға болады. Онда автор 1926 жылғы аймақта жүргізілген санақ материалдарына талдау жасайды [7]. Еңбекте Қазақстанның 1928 жылғы халқы, округтер бойынша халықтың саны мен құрамы, халықтың тығыздығы және т. б. туралы статистикалық деректер бар. Демограф ғалымдардың пайымдауынша осы еңбектен кейін XX ғ. 1970 жылдарына дейін халық саны мәселесі мүлдем қарастырылмады [8, с 14].

XX ғасырдың 1970-1980-шы жылдары революцияға дейінгі кезеңдегі Қазақстандағы демографиялық процестер мәселелеріне арналған бірқатар зерттеулер Н.Е. Бекмаханованың «Формирование многонационального населения Казахстана и Северной Киргизии (последняя треть XVIII - 60 гг. XIX в.) », «Многонациональное населения Казахстана, Киргизии в эпоху капитализма (60-е гг. XIX - 1917 г.) », Н.В. Алексенконың «Население дореволюционного Казахстана (численность, размещение, состав 1870-1914 гг.) » жарыққа шықты.

Кеңестік кезеңдегі А.Б. Галиевтың «Население Казахстана в конце восстановительного периода: численность, национальный и социально- профессиональный состав» деп аталатын еңбегі халық саны мәселелеріне арналды. Зерттеу жұмысында автор халықтың саны, ұлттық, әлеуметтік-кәсіби құрамына талдау жасаған. Автор қазақ, орыс ұлтының жас-жыныстық, отбасылық және әлеуметтік құрылымына, орналасу географиясына ерекше назар аударады [8, с 15].

1975 жылы «Население Казахстана в 1959-1970 гг» деп аталатын ұжымдық монография жарыққа шықты. Монографияда 1959 және 1970 жылдардағы халық санақтарының материалдарына талдау жасалды. Сонымен қатар халықтың жас-жыныстық, некелік, отбасылық құрылымы, демографиялық өлшемдер бойынша халықтың аймақтар бойынша орналасу ерекшелігі қарастырылды [9].

Қазақстан халқының этникалық құрылымының қалыптасу процесіне талдау жасаған еңбектердің қатарына ғалым Ф.Н. Базанованың «Формирование и развитие структуры населения Казахской ССР » атты еңбегін жатқызуға болады [10].

Қазақстандағы қала халқының мәселелеріне И.Д. Никифоров зерттеу жұмысын жүргізді. Ол 1923 және 1939 жылдардағы санақ материалдарының, ағымдық статистика мен архив құжаттарының негізінде Қазақстандағы қала халқының динамикасына, қала халқының қалыптасу әдісіне, жас-жыныстық, әлеуметтік құрылымына, білім деңгейіне талдау жасады.

Қазақстандағы демографиялық процестер бойынша зерттеу жүргізген ғалымдардың қатарында М.Х. Асылбековты атап өткен жөн. Оның А.Б. Галиевпен бірге шығарған «Социально-демографические процессы в Казахстане» атты монографиясы 1917 жылдан 1980 жылға дейінгі кезеңді қамтиды. Еңбек 1897 жылдан бастап 1979 жылға дейінгі санақ материалдарының, статистикалық мәліметтердің, архив құжаттарының, мерзімдік басылым материалдарының негізінде жазылған [11].

Қазақстандағы демографиялық процестерді зерделеуде үлестерін қосқан ғалымдар Н.В. Алексеенко мен А.Н. Алесеенко. Өз еңбектерінде ХІХ ғ. аяғы ХХ ғ. аяғына дейінгі кезеңдегі халық санақтары материалдарын, статистикалық деректерді, архив материалдарын пайдалана отырып, демографиялық процестерге егжей-тегжейлі зерттеу жұмыстарын жүргізген [12-13].

ХХ ғасырдың аяғы ХХІ ғасырдың басындағы Қазақстанның демографиялық дамуына зерттеу жүргізген ғалымдардың қатарында біздің тарих факультетінде қызмет атқарып келе жатқан белгілі ғалым В.В. Козинаны жатқызуға болады. Оның М.Х. Асылбековпен бірлескен «Демографические процессы современного Казахстана», «Демографическое развитие Республики Казахстан в условиях суверенитета» зерттеулерінде 1979, 1989 және 1999 жылдардағы халық санағы материалдары негізінде республикамыздың демографиялық дамуы, оның ішінде халық саны динамикасы, табиғи өсім факторлары, сапалық құрам өзгерістеріндегі тенденциялар, миграциялық ағымдардың себептері, олардың елдегі демографиялық ахуалға әсері мәселелері қамтылған [14-15].

Тәуелсіздік қарсаңында 1990 жылдары әлеуметтік-демографиялық мәселелерге арналған аймақтық зерттеулер пайда болды. Оның ішінде В.В. Козинаның «Население Центрального Казахстана» [16], М.Н. Сыдыковтың «Население Западного Казахстана» [17], А.Н. Алексеенконың «Население Восточного Казахстана» [18] деп аталатын зерттеулері жарыққа шықты.

Демографиялық дамудың әлеуметтік мәселе екендігін қарастырған ғылыми еңбектердің қатарына еліміздің белгілі демографы М. Тәтімовтің көп жылғы зерттеу жұмыстарын, мысалы «Демография-халықтану», «Демографиялық үдерістердің әлеуметтік шарты», «Ауылдағы демографиялық ахуал», «Цифрлар шежіресі», «Развитие народонаселения и демографическая политика», «Қазақ әлемі», «Халықнама немесе Сан мен Сана», «Дербестігіміз – демографияда», «Қазақ әлемі» т.б. көптеген ғылыми-зерттеу және танымдық зерттеулері қазақтың демография ғылымына қосқан еңбектері ретінде келтіруге болады. Ғалымның көптеген зерттеу еңбектері қазақ халқының демографиялық өсіп өркендеуін зерттеуге арналған. Ғалымның 1930-33 жылдардағы ашаршылық туралы жазылған ғылыми құнды еңбегі «Мешін жылғы апат» атты мақаласы «Жұлдыз» журналына 1989 жылы жарияланды, онда сталиндік-голощекиндік геноцидтің сұмдығын, қазақты халық ретінде қырған 28 және 38-жылдардың ашаршылық пен оның халық санына зардабын, аша тұяқ қалмаған жылдар мен тың және тыңайған жерлерді игеру кезінде Қазақ жерінде жүзеге асырылған сырттан келушілердің үстемдігі туралы жазылған. Демограф-ғалым «Жас мемлекет – Қазақстан Республикасының өзіндік демографиялық саясатын қалыптастыру мәселелері» тақырыбындағы докторлық диссертациясын қорғады. Танымал ғалымның ғылыми еңбектерінде жалпы әлем қазақтарының саны, қазақ ру-тайпалары, олардың сандары, орналасуы туралы ғылыми деректер келтірілген. Еліміздің демографиясы мен мемлекеттің жүргізіп отырған саясатын байланыстыра «Елбасы және ел саны» атты кітап жазса, осы еңбекпен қатар ашаршылық зобалаңы туралы «Зұлмат пен зардап» атты, содан кейін орыс тілінде әлем халқының өсуі мен дамуының әлеуметтік-саяси проблемаларын зерделейтін «Глобализация демографии» атты толымды еңбектерін жарияланды. Онда әлем халықтарының тарихи-кезеңдік орналасу үдерістерінің алғышарттары, оның қазіргі

жаһандық мәселелері, Евразия халықтарының демографиялық дамуының ерекшеліктері, бұрынғы Кеңестер Одағы халықтарының демографиялық мінез-құлқының жақындасуына талдау жасай отырып, Қазақстанның демографиялық өсімі тарихының «ақтандақ» кезеңдеріне шолу жасайды. Кітаптың соңғы төртінші тарауында «Қазақстанның - барлық Евразияның этнодемографиялық айнасы» болатындығына «Қазақстанның этнодемографиялық өлшемдегі салмағына», әлемнің түркітілдес халықтарының тарихи орталығына немесе ғалымның өз сөзімен «түпкі қазығына» айналатындығына болжам жасайды [19-25].

Қорыта айтқанда, Қазақстандағы демографиялық зерттеулердің негізін ХХ ғасырдың басында ұлт зиялылары қалап берді. Қазіргі таңда Қазақстандағы демографиялық зерттеулер даму үстінде және одан әрі де жетілдіруді талап етуде. Қазақстандағы халық саны мәселелерін анағұрлым егжей-тегжейлі және терең зерттеу үшін теориялық, әдіснамалық аспектілерді әзірлеп, ғылыми орталықтар ашу қажет деп ойлаймыз. Бұл Қазақстан Республикасындағы демографиялық дамудың ерекшеліктері мен проблемаларын зерттеуге мүмкіндіктер береді.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Валентей Д.И., Кваша А.Я. Основы демографии. - М.: Мысль, 1989. -288 с.
2. Картаева Т. Е. Тарихи демография. Оқу құралы. - Алматы: Нур-пресс, 2008. - 154 б.
3. Бөкейхан Ә. Таңдамалы/ Гл. ред. Р. Нурғалиев. -Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. - 478 б.
4. Асылбеков М.Х. Қазақстан демографиясының қалыптасуы// <https://e-history.kz/media/upload/55/2013/08/27/d9d0bb9ccc1af12dabe8f45924a15a42.pdf>.
5. Абенова К.А. Қазақстанның демографиялық дамуының экономикалық механизмдері. Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертация. - Алматы, 2014.-133б.// <http://nblib.library.kz/elib/Sait/Диссертации//Абенова%20К.А..pdf>.
6. Шонанұлы Т. Жер тағдыры – ел тағдыры. 2 – басылуы. – Алматы: Санат, 1995. – 224 б.
7. Народонаселение Казахстана : оттиск из журнала "Народное Хозяйство Казахстана" •11-12 за 1928 г., стр. 27-53 / Дониц, А. Н.,– изд. Госплана КССР . - Кызыл-Орда : Гостипография •1 КЦСНХ, 1928 . - 32 с., ил., карта//<http://kazneb.kz/site/catalogue/view?br=1105963&locale=ru>
8. Козина В.В. Демографическая история Казахстана. - Караганда: Изд-во КарГУ, 2007. - 145 с.
9. Население Казахстана в 1959-1970 гг. [Текст] : Структурные сдвиги и их оценка / [Отв. ред. акад. С. Б. Байшев и канд. экон. наук Л. А. Квон] ; АН КазССР. Ин-т экономики. - Алма-Ата : Наука, 1975. - 159 с.;
10. Базанова Ф. Н. Формирование и развитие структуры населения Казахской ССР : Нац. аспект / Ф. Н. Базанова. - Алма-Ата : Казахстан, 1987. - 152,[2] с.; 20 см.
11. Асылбеков М.Х., Галиев А.Б. Социально-демографические процессы в Казахстане (1917-1980гг.) - Алма-Ата : Ғылым, 1991 . - 191 с.
12. Алексеенко Н.В. Население дореволюционного Казахстана : (Численность, размещение, состав, 1870-1914 гг.) / Н. В. Алексеенко. - Алма-Ата : Наука, 1981. - 111 с.
13. Алексеенко Н. В., Алексеенко А. Н.Население Казахстана за 100 лет (1897–1997 гг.). Усть-Каменогорск: Изд-во ВКТУ, 1999. 158 с.
14. Асылбеков М.Х.,Козина В.В. Демографические процессы современного Казахстана. - Алматы: Оркениет, 1995.- 128 с.
15. Асылбеков М.Х., Козина В.В. Демографическое развитие республики Казахстан в условиях суверенитета. – Алматы: Оркениет, 2001. - 156 с.
16. Козина В.В. Население Центрального Казахстана (конец XIX в. - 30-е годы XX в.)- Алматы: Оркениет, 2001. -88с.

17. Сдыков М.Н. Население Западного Казахстана (1897-1989). - Алматы, 1995. -220 с.
18. Алексеенко А.Н. Народы Восточного Казахстана - Усть-Каменогорск, 1994. - 52 с.
19. Тәтімов М.Т. Қазақ әлемі («Қазақтың саны қанша?») /М.Тәтімов.- Алматы: Атамұра: Қазақстан, 1993. -159 б.
20. Тәтімов М.Т. Демография – халықтану: халықтардың саны мен құрамын зерттеу. – Алматы: Қазақстан, 1975. – 101 б.
21. Тәтімов М.Т. Развитие народо населения и демографическая политика. Социально-философские аспекты системного изучения и комплексной разработки. – Алма-ата: Наука, 1978. – 144 с.
22. Тәтімов М.Т. Елбасы және ел саны. Сыр - сұхбат кітабы. – Алматы, 2009. – 224 б.
23. Тәтімов М.Т. Социальное обусловленность демографических процессов. – Алма-ата : Наука, 1989. – 128 б.
24. Тәтімов М.Т. Ауылдағы демографиялық ахуал. - Алматы: Қайнар, 1990. – 240 б.
25. Татимов М.Т., Татимова М.М. Глобализация демографии. - Алматы, типография ЦАУ, 2010, 165 с.

ИТЛ «Р-17» - АКМОЛИНСКОЕ СПЕЦОТДЕЛЕНИЕ КАРЛАГА

Сактаганова З.Г., д.и.н., профессор

Сатыбалдина Г.Б., магистрант

Карагандинский университет имени академика Е. А. Букетова
Караганда, Казахстан

В 30-е годы территория Казахстана превратилась в огромный лагерь. Были созданы лагеря: Дальний, Степной, Песчаный, Камышлаг, Актюбинский, Жезказганлаг, Петропавловский, спецлагерь Кингир, Усть-Каменогорский. Один из самых крупнейших лагерей был КарЛаг. В 1937–1938 годах здесь содержалось 43 тысячи заключенных. В системе КарЛАГа были 292 производительные лагерные точки, 26 самостоятельных отделений. С 1931 года по 1960 год в КарЛАГе побывало около 1 млн человек. Специально для жен «изменников родины» образовали Акмолинский лагерь «АЛЖИР».

Акмолинское спецотделение Карлага НКВД было образовано на базе 26-го поселка трудпоселений на основании приказа НКВД СССР за № 00758 от 3 декабря 1937 года и приказа по Управлению Карлага НКВД за № 0043 от 16 декабря 1937 года.

На баланс Карлага ССР Акмолинское отделение было принято лишь 15 октября 1939 года согласно приказа по Управлению Карлага НКВД за № 580, поэтому оно лишь формально с 1937 по 1939 год относилось к Карлагу. 29 декабря 1939 года на основании приказа ГУЛАГа НКВД СССР оно вошло в состав Карагандинского ИТЛ и было переименовано в 17-е Акмолинское отделение Карлага. В некоторых официальных источниках с этого момента оно стало именоваться как ИТЛ «Р-17», где буква «Р» являлась шифром Карлага во всесоюзном масштабе, а цифра «17» - порядковым.

В Союзе было всего четыре женских лагеря: АЛЖИР, Темляковский лагерь, который находился в 40 км.от г. Горького, Джангигирский лагерь, находившийся в 100 км от г.Фрунзе, и четвертый Темниковский лагерь, находившийся в Потье. 6 января 1938 года в ИТЛ «Р-17» прибыл первый этап заключенных из 50 женщин с детьми в возрасте от одного года до трех лет. В течение января и февраля непрерывным этапом прибывали заключенные. Из Бутырской тюрьмы Москвы прибыло 1600 женщин, из 70 женщин.

Женщин привозили в «АЛЖИР» со всех концов страны: из Москвы, Ленинграда, Украины, Белоруссии, Грузии, Армении, Средней Азии. Прибывшие в лагерь женщины обезличивались, подчинялись только лагерному режиму. Были и моральные муки, не считая постоянного голода им навешивались номера на косынке, рукаве и на спине. Здесь они подчинялись распорядку дня: «Подъем», «Отбой», Развод», «Обыск». В Карлаге численность